

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының «Еркежан» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

**Топ:** Ересектер «Арай» тобы»

**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

| Айы             | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-----------------|---------------------------|--|
| <b>Қыркүйек</b> | <b>Денешынықтыру</b>      | <p><b>Жалпыдамытушы жаттығулар.</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарына арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарына ыңғайлы қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшына аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу.</p> <p>Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b><br/>Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.</b><br/>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкестүрлі қарқынды танымал дене жаттығуларын орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b><br/>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p> |

|  |   |
|--|---|
| <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>                | <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br/> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br/> <b>Сөздік қор.</b><br/> Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту.</p> |
| <p><b>Көркем әдебиет</b></p>                 | <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқаландыруға, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын мен сипатына сәйкестік тапқырлықты, өлеңдерді жаттауды түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық кепінді қолданып, оларды естесекке ақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>  |
| <p><b>Математика негіздері</b></p>           | <p><b>Жиын.</b><br/> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардың тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең емес теңеместігін анықтай білу.</p>   |
| <p><b>Құрастыру</b></p>                      | <p><b>Қағаздан құрастыру.</b><br/> Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>  |
| <p><b>Қоршаған орта менталды нығайту</b></p> | <p><b>Бала, оның отбасы, үй.</b><br/> Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br/> Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің негізгі туралы білімдерін жетілдіру.</p>  |

|                   |  |
|-------------------|--|
| <b>Сурет салу</b> | Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояудасыз балалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпайырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуансызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.  |
| <b>Мүсіндеу</b>   | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзінетәнерекшеліктеріне скере отырып, заттардың толық пішін пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерінің, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.  |
| <b>Жапсыру</b>    | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойы мен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.   |
| <b>Музыка</b>     | <p><b>Музыка тыңдау.</b><br/>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау</p> <p><b>Ән айту.</b><br/>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b><br/>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау<br/>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p><b>Билер.</b><br/>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,<br/>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру<br/>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br/>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> |
| <b>Қазақ тілі</b> | <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br/>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>   |

